Бірлестік отырысында қаралды:
Бірлестік жетекшісі:
_____ У.А.Керимкулова
Хаттама №1
«27» тамыз 2026ж.

Келісемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
ДОЖО:
_____ Л.С. Исабаева
«27» тамыз 2026 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
_____ Ы.А. Жаутиков
«27» тамыз 2026 ж.

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Пәні: Көркем еңбек:

Сыныбы: 6 «А,В,С,Д»

Мұғалімі: Баймаханова А.О

Сағат саны: 68

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы

Шымкент қаласы 2026-2027 оқу жылы

6 сыныптарға арналған «Көркем еңбек» пәнінің оқу бағдарламасының ерекшеліктері бойынша
ТҮСІНІК ХАТ

Негізгі мектептегі «Технология» пәндерінің мазмұны негізінде әзірленген кіріктірілген жаңа «Көркем еңбек» пәні енгізіледі.

Пәннің оқу бағдарламасы келесі тараулардан тұрады:

1) Жалпы ережелер – бағдарлама мазмұнын жүзеге асырудың мақсаты, міндеттері, негізгі әдіснамалық және әдістемелік қырлары туралы ақпарат қарастырылған;

2) Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру – оқу жүктемесінің көлемі туралы ақпарат берілген, пән бойынша тақырыптардың мазмұны енгізілген;

3) Оқыту мақсаттарының жүйесі – бөлім бойынша әр сыныпқа бөлінген оқытудың күтілетін нәтижелері (оқытудың мақсаты);

4) Ұзақ мерзімді жоспарлар – оқу жылы бойы бағдарлама бөлімдерін оқыту реттілігін анықтайды. Сағат саны бөлінуін, сонымен қатар тоқсанда оқытылатын тақырыптардың реттілігін мұғалімнің қалауы бойынша өзгертуге болады. Ұзақ мерзімді жоспар күнтізбелік-тақырыптық жоспарлаудың негізі болып табылады.

Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқыту оқушылардың өнер мен технология саласындағы функционалды сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған, пәндік білім мен түсініктерін, тұлғалық, практикалық, көркемдік, зерттеу және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, әлемді эстетикалық қабылдауын дамытады.

Орта білім берудің мазмұнын жаңарту шеңберінде пәннің мазмұнын кіріктірудің себебі, қолданыстағы «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу» және «Технология» пәндері бойынша оқу бағдарламалардың мазмұна жасалған талдау мазмұны жалпы ұқсас екенінін және аталған пәндер бағдарламаларындағы оқу материалдарының қайталанатындығын көрсетті.

Екі пәннің мазмұны бойынша шамамен бірдей, әртүрлі тарауларын біріктіру қажеттігі «Көркем еңбек» (негізгі мектепте) пәнінің бес білім беру бағыттарын анықтады:

1) визуалды өнер;

2) сәндік-қолданбалы өнер;

3) дизайн және технология;

4) үй мәдениеті;

5) тамақтану мәдениеті.

«Көркем еңбек» пәнінің мазмұны қолданыстағы «Технология» оқу пәнінің бағдарламасында гендерлік ерекшелігіне қарай (қыздар мен ұлдарға), сыныптың толықтырылуынан тыс қарастырылады.

Визуалды өнер тарауының мазмұнында қарастырылғандар: классикалық және заманауи өнер, қазақстандық суретшілердің шығармашылығы, бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары; сандық өнер (фотография, анимация, медиа құралдар); бейнелеу өнерінің (визуалды) мәнерлік құралдары; көркем материалдар және техникалармен жұмыс дағдыларын меңгеру. Осы тараудың мазмұнында ұлдар мен қыздар үшін бірдей тақырыптар қамтамасыз етілген.

Сәндік-қолданбалы өнер тарауының мазмұнында қарастырылғандар: сәндік қолданбалы өнерінің ерекшеліктері мен негізгі формалары, Қазақстанның және басқа ұлттардың қолданбалы өнері, СҚӨ материалдары, құралдары мен технологиялары; ұлттық ою-өрнек; интерьерді сәндік безендіру.

Дизайн және технология (қыздарға арналған) тарауында қамтылғандар: негізгі тоқыма, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдар; тоқыма материлдарды өңдеуге арналған құралдар мен жабдықтар; тоқыма материалдарын өңдеудің әр түрлі тәсілдері; тоқыма материалдардан жасалған бұйымдардың дизайны; сән индустриясы, стиль және образ, ұлттық киім элементтерін дайындау технологиясы.

Үй мәдениеті (қыздарға арналған) тарауында қамтылғандар: жеке адам гигиенасы; тұрғын үй экологиясы; өсімдік өндіру негіздері, сәндік гүл өсіру, ландшафтық дизайн; киімді күту және сақтау.

Тамақтану мәдениеті тарауының мазмұнында: дұрыс тамақтану негіздері; дастарқан басында өзін-өзі ұстау тәртібі; ас мәзірін әзірлеу; тағам дайындау технологиясы; әлем халықтарының тағамдары.

Жаңартылған бағдарлама ерекшеліктерінің бірі, оқу пәнінің мазмұнын анықтауға негіз болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер болып табылады. Пәннің мазмұны пәндік білім және икемділікпен қатар кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Құрылған оқу мақсаттарының жүйесі келесі дағдыларды дамытуға негіз болып табылады: білімді функционалды және шығармашыл түрде пайдалану, сыни ойлау, зерттеушілік жұмыстарды орындау, ақпараттық-коммуникациялық
технологияларды қолдану, коммуникациялардың әртүрлі тәсілдерін қолдану, топта және жеке жұмыс істеу икемділігі, шығармашылық іс-әрекетінің барысын жоспарлау, ақпараттық кеңістікте бағдарлану икемділігі.

«Көркем еңбек» оқу пәні бойынша оқыту мақсаттары жүйесі шығармашылық іс-әрекет барысында негізгі білімдер мен практикалық икемділіктерін қалыптастыруға бағытталған үш тарау бойынша қарастырылған.

1-тарау «Идеяларды зерттеу және дамыту» қоршаған ортаны, әртүрлі материалдарды зерттеу, қазақ халқының және басқа да халықтардың мәдениеті мен дәстүрімен танысу, жеке шығармашылық идеяларын ұсыну барысында зерттеу икемділіктерін және шығармашылық қиялын дамытуға бағытталған.

2-тарау «Жасау және дайындау» оқушылар әр түрлі материалдармен эксперимент жүргізу, әр түрлі құралдармен жұмыс істеу икемділігі және жұмыстың әртүрлі техникаларын меңгеру барысында қоршаған болмысты бейнелеудің
практикалық икемділіктерін дамытуға бағытталған.

3-тарау «Презентация, талдау және бағалау» коммуникативтік дағдыларын дамытуға және оқушылардың
академиялық тілін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламада оқушылардың зерттеу дағдылары мен танымдық іс-әрекеттерін дамытуға ерекше назар аударылған. Педагогикалық тәжірибе көрсетіп отырғандай, егер оқушы оқыту барысында танымдық белсенділік танытса, тиімді нәтижелерге қол жеткізе алады. Танымдық белсенділікті қолдаудың негізгі формалардың бірі – сабақта ұсынылатын іс-әрекеттердің алуан түрлілігі мен вариативтілігі. Бейресми ортаны ұйымдастыру, жұмысты ерекше түрде бастау, әдемі және әртүрлі материалдар, қызықты және бірін бірі қайталамайтын оқу тапсырмалары, шығармашылық идеяларды ұсыну материалдары және техникаларды таңдау мүмкіндігі оқушылардың танымдық белсенділігі мен қызығушылығын қамтамасыз етеді.

Оқу бағдарламасының мазмұнын жүзеге асыру үшін мұғалім әр оқушыны жеке, жұптық және топтық жұмыс түрінде жүргізілетін белсенді мақсатты оқу-танымдық іс-әрекетке қатыстыру керек. Біркелкіліктен құтылу үшін және оқушылардың көркем еңбекке деген қызығушылығын қолдау үшін сабақ барысында жұмыстың әртүрлі формаларын жүргізіп отыру керек.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкінідік туғызады. Оқу процесінде ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың әртүрлі құралдарын қолдану оқу бағдарламасын жүзеге асырудың және кең ауқымды дағдыларды дамытудың қажетті жағдайы болып табылады. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану және олардың көркем еңбек сабағындағы жан-жақты мүмкіндіктері:

- шығармашылық жұмыс жасауда компьютерлік бағдарламалар мен қосымшаларды қолдану;
- зерттеу жүргізу, презентация мен жобалар жасау үшін интернет ресурстарын пайдалану;
- қауіпсіз әлеуметтік тораптары мен онлайн ортада қатынасу, тәжірибе алмасу және ынтымақтастықты дамыту;
- сандық камераны қолдану арқылы нақты ақпаратты жазу және тіркеу.

Қазіргі заманғы орта білім беруде жеке тұлғаны әлеуметтендіру, әр түрлі әлеуметтік топтарда тиімді қарым-қатынас орнатуға қабілетті азаматарды тәрбиелеуге ерекше назар бөлінеді. Осы міндетке қол жеткізу үшін көркем еңбек сабақтарында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытатын және өз ойларын сенімді түрде айтуға мүмкіндік беретін жағымды орта ұйымдастыру және іс-әрекет түрлерін таңдау керек.

Коммуникацияны дамыту үшін оқу бағдарламасында шығармашылық жұмыстың презентациясын, пәннің академиялық тілін қолданып белгілі аудиторияның алдында сөз сөйлеуді қарастыратын оқытудың жеке мақсаттары анықталған. Пәнді меңгеру аясында оқушылар өз шығармашылық жұмысының нәтижесін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар өздерінің және басқалардың жұмыстарын түсіндіру, талдау және нәтижелерін сауатты бағалау, жұмыс әдістерін және шығармашылық идеяларын ұсына білуі керек.

Оқушылардың идеяларын немесе шығармашылық жұмыстарының нәтижелерін көрсетуде (презентация) пікір алмасу, талдау, және бағалау барысында сөйлеу дағдылары мен коммуникацияны дамытып қана қоймай, сонымен қатар пәнге қызығушылықтарын арттыруға ықпал етеді, оқушыны белсенді шығармашылық іс-әрекетке ынталандырады.

«Көркем еңбек» оқу пәнінің мазмұны пәндік міндеттерді шешумен қатар, оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған, эстетикалық тәрбиеге ерекше назар аударылады.

Бұл пәннің шеңберінде жүзеге асырылатын эстетикалық білім мен тәрбие беру шығармашыл тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға тиімді ықпал етеді, жалпы барлық оқу үдерісіне жағымды әсер етпек. Өнер сабағында эстетикалық білім беру мен тәрбиелеу шығармашылық іс-әрекет барысында жүзеге асырылады, соның негізінде оқушылардың өз ойын білдіруге және өзін-өзі танытуға мүмкіндік беретін пәндік және пәнаралық білімдері, шығармашылық қабілеттері қалыптасады.

Сонымен қатар пән Қазақстанның көркем-мәдени мұрасын сақтауға және оны келесі ұрпаққа жеткізуге өз үлесін қосады, болашақта кәсіби іс-әрекетін анықтаудың негізі болып табылады.

«Көркем еңбек» пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау

6 сынып (қыздарға арналған) Пәннің оқу жүктемесі аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Р/с	Бөлім/ Тақырыптар	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Уақыты	Ескерту
1 тоқсан (16 сағат)						
1	Визуалды өнер	Портрет жанры. Портрет түрлері.	6.1.3.1-Шығармашылық идеяларды іске асыру мақсатында ақпарат көздерін өз бетінше таңдап, қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы)	1	01.09.2026	
2		Қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы портрет	6.1.2.1-Әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсету	1	04.09.2026	
3-4		Сызықты портрет. Графика. Орындалу техникасы.	6.2.1.1-Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану 6.1.6.4-Материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау	2	08.09.2026 11.09.2026	
5		Дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау (сымнан орындалған портрет)	6.1.6.2-Бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу мен пайдаланудың тиімді жолдарын (немесе әдістерін) анықтау	1	15.09.2026	
6-7		Портреттегі түс. Орындалу техникасы	6.1.1.1-Өзінің және басқа оқушының тәжірибесіне сүйене отырып, қоршаған орта нысандарының визуалды сипаттамаларын (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік) түсіну және білімін көрсету 6.2.1.1-Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану	2	18.09.2026 22.09.2026	
8		Заманауи портрет. Фотоөнер. Фотокамерамен тәжірибе	6.3.2.1-Пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы идеялары мен тақырыптарды салыстыру 6.2.1.1-Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану	1	25.09.2026	
9-10		Анимация. Қозғалатын элементтер (ермексазды анимация, көлеңкелі театр, саусақты және таяқшалы қуыршақтар)	6.1.2.1-Әлемдік және қазақтың ұлттық мәдениетіндегі дизайн, қолөнер мен өнер туындыларының ерекшеліктерін түсіну мен білімін көрсету	2	29.09.2026 02.10.2026	

11-12-13		Сценарий дайындау. Кейіпкерлер мен декорациялар құру.	6.1.4.1 -Уақыт пен басқа да факторларды ескере отырып, іс-әрекеттің реттілігін анықтау және жоспарлау	3	06.10.2026 09.10.2026 13.10.2026	
14-15		Көркем өнер идеяларын іске асыру. Дыбыс қосу	6.2.1.1-Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану 6.3.4.1-Өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялау бойынша сындарлы пікір мен негізделген ұсыныстарды қабылдау	2	16.10.2026 20.10.2026	
16		Жұмысты қорғау	6.3.1.1-Мектеп аудиториясы алдында өзінің дайын жұмыстарын таныстыру (көрме)	1	23.10.2026	
2 тоқсан (16 сағат)						
17	Сәндік-қолданбалы өнер	Тоқу өнері. Ілмекпен тоқу. Тоқу тәсілдері мен техникалары.	6.1.2.1-Әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсету	1		
18		Бұйымның нобайын дайындау. Материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау	6.1.5.2-Шығармашылық идеяларын іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау 6.1.4.2-Материалдық шығынды анықтау (сандық көрсеткіштер)	1		
19-20		Әртүрлі бұйымдарды ілмекпен (ілгекпен) тоқу (сулықтар, сөмкелер, ұялы телефондардың қабы). Бірінші кезең	6.1.6.4-Материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау	2		
21-22-23		Әртүрлі бұйымдарды ілмекпен (ілгекпен) тоқу (сулықтар, сөмкелер, ұялы телефондардың қабы). Екінші кезең	6.2.3.3-Шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану 6.2.6.1-Техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану	3		
24-25		Шалма (тоқыма) бізбен тоқу. Шалма (тоқыма) біз және олардың түрлері. Тоқу тәсілдері мен техникалары. Бұйымның нобайын дайындау	6.1.5.2-Шығармашылық идеяларын іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау 6.1.4.2-Материалдық шығынды анықтау (сандық көрсеткіштер)	2		
26-27-28		Әртүрлі бұйымдарды шалма бізбен тоқу (мойынорағыш, үшкіл орамал, тіреуіш, ұялы телефондардың қабы). Материалдарды дайындау	6.1.6.4 -Материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау	3		

29-30-31		Әртүрлі бұйымдарды шалма бізбен тоқу (мойынорағыш, үшкіл орамал, тіреуіш, ұялы телефондардың қабы). Бұйымды орындау	6.2.3.3-Шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану 6.2.6.1-Техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану	3		
32		Жұмысты қорғау. Көрме ұйымдастыру	6.3.1.1-Мектеп аудиториясы алдында өзінің дайын жұмыстарын таныстыру (көрме) 6.3.4.1-Өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялау бойынша сындарлы пікір мен негізделген ұсыныстарды қабылдау	1		
3 тоқсан (20 сағат)						
33	Дизайн және технология	Түрлі-түсті және фактуралы тоқыма материалдарын зерттеу.	6.1.6.3-Тоқыма материалдары мен бұйымдарының қасиеттері мен фактурасын анықтау және зерделеу	1		
34		Материалдарды, құралдар мен жабдықтарды таңдау және дайындау	6.1.6.2-Бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу мен пайдаланудың тиімді жолдарын (немесе әдістерін) анықтау 6.2.2.1-Тігін машинасын қалыпты күйге келтіруді білу және орындау	1		
35-36		Тоқыма материалдарынан бұйым дайындау (авторлық қуыршақ, дамытатын ойыншықтар).	6.1.5.1 - Өзінің тәжірибесі мен біліміне сүйеніп, композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, әртүрлі нысандардың дизайны бойынша тапсырмалар орындау	2		
37		Идеяларды құру. Нобай	6.1.5.2-Шығармашылық идеяларын іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау	1		
38		Бұйым дайындау. Бөлшектерді пішу.	6.2.3.1-Өлшем мен белгілеу негізінде орындалған бұйым дайындау үшін материалдарды электрлік қол құралдарымен өңдеу	1		
39-40		Жеке бөліктерін өңдеу.	6.2.2.2-Тігін бұйымдарын ылғалды- жылулық өңдеу режимдерін білу, сипаттау және оларды тәжірибеде қолдану	2		
41-42-43		Бөлшектерді біріктіру мен бұйымды безендіру	6.2.3.2-Әр түрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, бір өнім орындау 6.2.6.2-Қол электрлі құралдары мен жабдықтарымен қауіпсіз жұмыс жасау тәсілдерін, еңбек гигиенасы ережелерін (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру мен тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу) білу және түсіндіру	3		
44		Үйге арналған тоқыма бұйымдарының дизайны (алжапқыш, асханалық бұйымдар). Идеяларды құру. Нобай.	6.1.5.1-Өзінің тәжірибесі мен біліміне сүйеніп, композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, әртүрлі нысандардың дизайны бойынша тапсырмалар орындау 6.1.5.2-Шығармашылық идеяларын іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау)	1		

45		Материалды таңдау және дайындау. Жұмысты орындау бірізділігі	6.1.4.1-Уақыт пен басқа да факторларды ескере отырып, іс-әрекеттің реттілігін анықтау және жоспарлау. 6.1.4.2-Материалдық шығынды анықтау (сандық көрсеткіштер 261027618100	1		
46		Бұйым дайындау. Бөлшектерді пішу.	6.2.3.1-Тігін машинасы және қол құралдарымен қайып тігу, сырып тігу тігіс түрлерін қолдана отырып, тоқыма материалдарын пішу және өңдеу	1		
47-48-49		Жеке бөліктерін өңдеу.	6.2.2.2-Тігін бұйымдарын ылғалды- жылулық өңдеу режимдерін білу, сипаттау және оларды тәжірибеде қолдану 6.2.3.2-Әр түрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, бір өнім орындау 6.2.6.2-Қол электрлі құралдары мен жабдықтарымен қауіпсіз жұмыс жасау тәсілдерін, еңбек гигиенасы ережелерін (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру мен тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу) білу және түсіндіру	3		
50-51		Бөлшектерді біріктіру мен бұйымды безендіру	6.2.3.2-Әр түрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, бір өнім орындау	2		
52		Жұмысты қорғау. Көрме ұйымдастыру	6.3.1.1-Мектеп аудиториясы алдында өзінің дайын жұмыстарын таныстыру (көрме) 6.3.3.1-Пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді (техникасы) салыстыру	1		
4 тоқсан (16 сағат)						
53-54	Тамақтану мәдениеті.	Қазақ халқы мен түрлі халықтардың және де қоғамдық тамақтану орындарындағы дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері	6.2.4.1-Қоғамдық тамақтану орындарында, қазақ халқы мен әлем халықтарының мәдениетіндегі дастарқан басында өзін-өзі ұстау ережелерін салыстыру және сипаттау 6.2.4.2- Әртүрлі іс-шараға арналған дастарханды безендірудегі білімдері мен тәжірбиелік дағдыларын көрсету	2		
55-56		Жартылай дайын өнімдерден тағамдар әзірлеу технологиясы	6.2.4.3-Жылдам орындалатын тағамдар мен десерт дайындау технологияларын білу және қолдану 6.2.4.4-Әр түрлі тағамдарды дайындау үшін азық-түліктер, құрал-саймандар мен керек-жарақтарын анықтау және таңдау	2		
57-58		Тағамдарды жылдам әзірлеудің технологиясы	6.2.4.3-Жылдам орындалатын тағамдар мен десерт дайындау технологияларын білу және қолдану 6.2.4.4-Әр түрлі тағамдарды дайындау үшін азық-түліктер, құрал-саймандар мен керек-жарақтарын анықтау және таңдау	2		
59-60		Десерт әзірлеу технологиясы	6.2.4.3-Жылдам орындалатын тағамдар мен десерт дайындау технологияларын білу және қолдану. 6.2.4.4. Әр түрлі тағамдарды дайындау үшін азық-түліктер, құрал-саймандар мен керек-жарақтарын анықтау және таңдау 6.3.1.1-Мектеп аудиториясы алдында өзінің дайын жұмыстарын таныстыру	2		


			(көрме)			
61-62	Үй мәдениеті	Гигиена ережелері. Бөлмені ылғалды және құрғақ тазалау жұмысы	6.2.5.3-Тазалау құралдары, тұрғын үйге қойылатын гигениалық талаптарды зерделеу және сипаттау 6.2.5.4-Шектеулі қолдауда тазалау құралдары мен тәсілдерін таңдау және қолдану	2		
63-64		Гигиена ережелері. Бөлмені ылғалды және құрғақ тазалау жұмысы	6.2.5.5-Шектеулі қолдауда мезгілдік киім мен аяқ-киімдерді күту мен ұзаққа сақтау ережелерін білу және ұстану	2		
65-66-67-68		Сәндік гүлдер түрлері. Гүл өсіру шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар	6.2.5.1-Сәндік гүлдер түрлерін өсіру технологиясын зерттеу және сипаттау 6.2.5.2-Сәндік бақ өсіру мен гүл өсіру шаруашылығында көктемгі жұмыстар (топырақты өңдеу, зиянкес жәндіктерден қорғау, егу мен отырғызу) жүргізу 6.2.6.1-Қауіпсіздік техникасын қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану	4		

1 Бөлім: Визуалды өнер	**Мектеп:**	
Күні: 01.09.2026	**Мұғалімнің аты-жөні: Баймаханова Аяулым**	
Сынып: 6 «А», «С»	**Қатысқандар саны:** **Қатыспағандар саны:**	

Сабақ тақырыбы	**Қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы портрет**
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	6.1.2.1 Әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсету.
Сабақ мақсаттары	● Қазақстандық суретшілердің портрет жанрындағы картиналарын зерттеу; ● Суретшілердің жұмыстарындағы ерекшеліктері туралы білім мен түсінігін көрсету.
Жетістік критерийлері	Отандық суретшілердің картиналарын зерттейді. Қазақстандық суретшілердің портреттеріндегі ерекшеліктерді анықтайды. Қазақстандық суретшілердің жұмыстарының негізінде эскиз орындайды. Өнер, қолөнер, дизайн туындыларының әлемдік және ұлттық ерекшеліктерін анықтайды
Тілдік мақсаттар	**Портреттерге тән ерекшеліктерін сипаттайды.** Оқушылар келесі сұраққа жауап береді*:* ● Сюжет композиция және т.б. ● Менің ойымша суретші ....көрсеткісі келді. ● Картинадағы өзіндік сипатқа ие.... ● Портреттің идеясы жақсы жеткізілді. Себебі, ● Портрет жылы колоритте орындалған. Себебі....
Құндылықтарды дарыту	Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік
ЖИ құралдары	Оқушылардың ЖИ / AI құралдарын тиімді пайдалану, сын тұрғысынан және мақсатқа сай ақпаратты іздеу және талдау дағдысы қалыптасады;

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин.	**Ұйымдастыру кезеңі:** **(Ұ) “Гүлмен тілек” әдісі** арқылы оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру. Топ ережесін еске түсіру.	Оқушыларды топтарға біріктіруді ұйымдастыру: Фигуралар көмегімен оқушыларды 3 топқа біріктіру. I – Үшбұрыштар тобы	**Мақсаты:** оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық	Фигуралар салынған конверт 

	Топтастыру. 	II – Дөңгелектер тобы III – Төртбұрыштар тобы	оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру. **Тиімділігі:** оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.	
Жаңа сабаққа кіріспе	**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Оқушыларға жалпылама төмендегі сұрақтар және жаттығу түрлері беріледі. Әр оқушы өз оймен бөліседі. Өзгенің пікірін толықтырады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.*	**Сұрақтарға жауап бер:** «Абай» портреті. Оқушыларға қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың әртүрлі суретшілермен салынған үш портретін қарастырады: ● Картинада кім бейнеленген? Кейіпкердің мінезін суреттеңіз. ● Картинаның авторын білесіздер ме? ● Суретші көрерменге не айқтысы келеді? ● Портреттер несімен ерекшеленеді?	**Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. **Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек	**Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп,** талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.

			қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	
Сабақтың ортасы **33 мин**	Шоқан салған суреттер оның ғылыми еңбектеріне байланысты этнографиялық сипатқа ие болғандықтан, оларды түгелдей кәсіптік өнерге жатқызбайды. Шоқан салған сурет. Ш.Уәлиханов.   **Қазақстанның реалисттік бейнелеу өнері** **Н.Г.Хлудовтың (1850-1935) есімімен байланысты**. Қазақстанға 1877 жылы келген ол географиялық экспедицияға қатысып, бірнеше акварель және кескіндеме полотноларын жасады. Ұлттық колориты мен этнографиялық жағынан үстірттігіне қарамастан Хлудов шығармалары көркемдік құндылыққа ие болды. 	Қазақстандық суретші Гульфайрус Исмаиловаңың «Қазақ вальсі» картинасын қарастырыңыздар. ● Картинада не бейнеленген? ● Картинаның кейіпкерін танисыздар ма? ● Портрет қандай түрге жатады? Неліктен? ● Суретші бізге не суреттегісі келді? ● Портрет сіздерге қандай көңіл-күй сыйлайды? Абрам Черкасский «Дина Нурпеисова и Джамбул»Сабур АбдрасуловичМамбеев «Девушка у окна»Килибаев Нурлан "Орлан" Талқылау үшін сұрақтар: ● Картинаның идеясы қандай? ● Портрет қандай колоритте орындалған? Неліктен? ● Картинаның атауын қалай қояр едіңіз? ● Қазақстандық суретшілердің портреттеріндегі ұқсастық не? ● Қазақстандық кескіндемешілердің ортақ визуалды	Оқушылар сабаққа қатысу белсенділігіне қарай қалыптастырушы бағалау жүйесі бойынша бағаланады. Мысалы: Жарайсың!, Жақсы!, Тамаша!	Тапсырма орындауға қажетті құралдар.

	А.Бортников. «Жайлаудағы Хлудов» **Н.Г.Хлудовтың бейнелеген суреттері;** *Қазақстанның таулы табиғатын, қазақтардың тұрмыс-тіршілігі* 1929 жылы Түрксіб құрылысынан Алматыға жас жұмысшы, бұрынғы қойшы **Ә. Қастеев** оқуға келді. Оның әкелген суреттерінен темірқанат талаптың болашағы зор екендігі көрінді.    «Соңғы хабар» Абай портреті «Томар» колхозы Кескіндемелік жұмыстары қазақтың кең даласында болып жатқан өзгерістерді шынайы бейнелеген суретшілер; ***- Ә. Қастеев,*** ***- Н.Крутилников,*** ***- Е.Сидоркин,***	элементтерін ата? Бағалау критерийі Білім алушы • Өнер, қолөнер, дизайн туындыларының әлемдік және ұлттық ерекшеліктерін анықтайды Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану Тапсырма Визуалды элементтерді қолданып, берілген тізімнің ішінен бір анимация түріне сюжет таңдап, кейіпкердің нобайын жасаңыз. A) ермексазды анимация B) көлеңкелі театр C) саусақты қуыршақтар D) таяқшалы қуыршақтар Мысалы: Дескриптор Білім алушы — сюжет құруда түрлі идеялар ұсынады; — анимациядағы дизайн туындыларының ерекшеліктерін көрсетеді; — анимация түрлерін анықтайды Қазақстандық суретшілердің жұмыстарына ұлттық колорит кейіпкерлердің мінездері және т.б.. Практикалық тапсырма. Бағалау критерийлері: ● Кейіпкердің мінезін суреттейді; ● Композиция; ● Көркемдік элементтерді, стилистиканы қолданады. Оқушылардың практикалық		

	- ***Ш.Кенжебаев,*** - ***С.Мәмбиев,*** - ***Қ.Телжанов,*** - ***М. Кенбаев,*** - ***М. Лизогуб және басқа суретшілер*** Суретшілер қоршаған ортада және бүкіл әлемде болып жатқан оқиғаларды бақылап әрі талдай отырып, сезім, тебіреніс әсерлерін өз туындылары арқылы көрсетуге тырысады. Ә. Қастеевтің шығармашылығының бір бөлігі қазан революциясынан кейінгі халық өмірін бейнелейтін кескіндеме шығармалары. Олардың қатарына мына картиналар жатады: «Бие сауу», «Құдықтың басындағы бай мен жарлы», «Қалың малға сатылған қыз», «Шөп шабу», «Колхоздың сүт фермасы», «Колхоз тойы», «Колхоз қырманы». Суретші Ә. Қастеев халық батыры, Амангелді Иманов тақырыбына өз шығармасынан ерекше орын берген. Бұл шығармалар қатарына «А.Имановтың портреті», «Амангелдінің шабуылы» атты композициялары жасады. Қазақ бейнелеу өнерінде суретші Ә.Ысымайлов шығармашылығы көрнекті орын алады.Алғашқы ұлттық график-суретші Ә. Ысымайловтың творчествосы, қазақтың профессионалдық бейнелеу	тапсырмалары альбомда орындалады.		

	өнерімен қатар қалыптасты. Ол кескіндеме, графика, газет-журналдарды көркемдеу салаларын қатар алып жүрді. Суретшінің 20 жылдардағы еңбектері индустриалды Қарағанды мен туған жер табиғатының көріністерін бейнелеуге арналды. 30 жылдары тушпен салынған еңбектерінде «Қарағанды», «Қарағанды шахтерлары» шахтерлер өмірін бейнелейді. Оның карикатурасы мен плакаттары («Теңіздің ар жағынан», «Жарылып кетті») терең мағыналы сынға құрылған			
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 5 мин. 	**«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. ***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. ***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. ***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.	**Жеке жұмыс:** - бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ...көзімді жеткіздім. - бүгін сабақта қуантқаны..... - мен өзімді.....үшін мақтар едім. - маған ерекше ұнағаны..... - сабақтан соң маған.....келді - бүгін маған.....сәті түсті. - қызықты болғаны..... - .....қиындық тудырды. - менің түсінгенім..... - енді мен.....аламын.	Мұғалім оқушыларды **«Бас бармақ»** әдісі арқылы бағалайды. Жарайсың! Жақсы! Талпын!	

Күні: 08.09.2026 **Сынып: 6 «А», «С»**	**Мектеп: Ziyatker** **Мұғалімнің аты-жөні:** Баймаханова Аяулым **Қатысқандар:** **Қатыспағандар:**

Сабақтың тақырыбы	**Сызықты портрет.**
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	6.1.6.2 Бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу мен пайдаланудың тиімді жолдарын (немесе әдістерін) анықтау
Сабақтың мақсаты	1.Қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін анықтау керектігін түсінеді. 2.Қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін таңдай алады. 3. сызықты сурет жасау барысында визуалды элементтерді сенімді қолдану; өнер көркем тәсілдері арқылы сызықты сурет портретін орындау.
Бағалау критерийі	-қоршаған ортаның визуалды элементтерін біледі. -өнердің көркем тәсілдерін анықтайды. -өз идеяларын жеткізу үшін өнердің көркем тәсілдерін таңдайды және қолданады.
Тілдік мақсаттар	Материалды ұсыну барысында сабақта қозғалған жаңа терминологияларды қолдану. Сұрақтарды қою және мысалдарды келтіре отырып, оларға аргументті жауап беру. Сызықтық портрет, пейзаж, натюрморт, жанр **Пән лексикасы, терминология және диалог/жазу үшін қажетті сөз тіркестері:** ● *контурлы сурет, техника, визуалды элементтер және т.б.* ● *Бұл шығарма .... көмегімен жасалды.* ● *Менің ойымша суретші .... көрсеткісі келді.* ● *Менің ойымша бұл техниканы қолдану .....тиімді.* ● *Жасау барысында қолданылды.* ●
Құндылықтарға баулу	Тарихтың мәдениет пен тілдің біртұтастығы Әртүрлі дәуірде, әртүрлі елдердің суретшілерімен жасалған туындыларды талдау арқылы толеранттылықты дәріптеу.
ЖИ құралдары	ЖИ қолдану арқылы уақытты үнемдейді және жұмыс өнімділігін арттырады;

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин.	**І.Ұйымдастыру кезеңі:** **а)** Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық жағымды ахуал туғызу үшін **«Өрмекшінің торы»** әдісін пайдаланып, оқушылар бір- біріне жақсы тілектер айту арқылы жіпті лақтырады. ә). Топ ережесін еске түсіру. б). Топтастыру.	Сап түзеп тұру арқылы 1, 2 санын реттілікпен саналу арқылы екі топқа бірігеді. І-топ: ІІ-топ **Топтың ережесі:** 1) ТҚЕ сақтау. 2) Топ басшысына бағыну. 3) Белсенді болу. 4) Бір-бірін тыңдау, өз пікірімен ашық бөлісу, басқалардың пікіріне құрметпен қарау. 5) Уақыт шегінде жұмыс жасау.	**Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. **Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі қолданылады. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі.	 Тоқыма жіп
Жаңа сабаққа кіріспе	**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсат қозғау сұрақт ымдық талқы ыларға жалпылама төмендегі сұрақтар және жаттығу түрлері беріледі. Әр оқушы өз оймен бөліседі. Өзгенің пікірін толықтырады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара*	**Сызықты портерт** Анри Матисстің "Женшина с распущенными волосами" және В.Серовтың "Портрет балерины Т.Карсавинной" деген картиналарын қарастыр. Ұқсастықтарын анықта. - Суретшілер екі кейіпкердің мінезін қалай суреттеген?	**Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. **Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен	**Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп,** талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.

	ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.	- Кейіпкердің мінезін суреттей аласыңдар ма? Қандай визуалды элементтері арқылы анықтай алдыңыздар? -Бір сызықтың көмегімен адамның мінезін келтіруге болады ма? "Сызық мінезі, көркемдік мүмкіндіктер" түсінігімен таныстырамыз. Сызық мінезі - суретшінің көңіл-күйін, сезімін білдіреді. Анри Матисс "Мен бұл сызыққа ештеңе қоса алмаймын, ештеңе ала алмаймын" деген сөзімен келісесіздер ме? Талқылау: - Суретші бұл суретті салу үшін қандай материал қолданды? Сызықты портрет жұмыстарын қарастыр: - Кейіпкердің мінезін суретте? Ол немен айналысады? Қалай ойлайсыңдар? -Оның көңіл-күйін қандай сызық арқылы суреттер едіңіздер? Мысалдар: - суретші қандай материалдар қолданған?	мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	
Сабақтың ортасы **33 мин**	**«Джиксо» әдісі** (ТЖ) бойынша оқулықпен жұмыс жасау.	**Саралау тапсырмасы:** Портрет салу негізгі кезеңдері бойынша	Оқушылар сабаққа қатысу белсенділігіне қарай қалыптастырушы	Тапсырма орындауға қажетті құралдар.

	1 топ сызықты сурет деген не анықтама беру. 2 топкөркем туындының барлық бөліктерін сәйкестендіру арқылы пропорцияға сипаттау. **«Бір минут» әдісі (ЖЖ).** **Мақсаты:**өзін өзі басқару;ойлаудағдыларын қалыптастыру. **1-тапсырма:** **1 топ:** Портрет салуға жаттығу үшін қажетті кезеңдерді ата. **2 топ:** Пропорцияларды сақтау қажеттілігі анықтау. **«Иә- жоқ» стратегиясы** 1. Сызықты сурет дегеніміз не ? 2. Пропорция дегеніміз не ? 3. Портрет салу кезеңдерінің үлгісі жұмыстың	жұмыс жасау, портрет салу. 1.Сопақша дөңгелек салып, оны сызықтармен бөледі. 2 .Мұрын орналасатын жерде, бағдарлы штрихтар салып,көздің орнын белгілейді. 3. Көздің ішкі қиығын тік сызық түсіріп,ерін езуін белгілейді және ерінді толық сызып, құлақтың контур сызығы мен шаш жиектерін белгілеп,көмекші сызықты өшіріп нобай дайындайды. **Дескриптор:** -Портрет салу кезеңдерін біледі. - Мұрын орналасатын жерді штрихтап салуды үйренеді. - Көздің орнын белгіледі. - құлақтың контур сызығы мен шаш жиектерін белгілейді. Тапсырма Жіпті немесе сымды қолданып, берілген тізімінің ішінен бір көңіл күйді таңдап (белгілеу керек), өз автопортретіңізді орындаңыз. А) Қуанышты В) Қайғылы С) Агрессивті D) Енжарлық Мысалы: Дескриптор Білім алушы — нақты көңіл күйді таңдайды; — жіпті немесе сымды	бағалау жүйесі бойынша бағаланады. Мысалы: Жарайсың!, Жақсы!, Тамаша!	

	орындалуына өз септігін тигізе ме? 4. Бейнеленген адамдарға деген көзқарастар қалай енгізіледі. 5.Портрет салу кезеңдері нешеге бөлінеді?	қолданады; — өз автопортретін жасайды.		
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 5 мин. 	**«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. ***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. ***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. ***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.	Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар».*	 

Ұзақмерзімді жоспар бөлімі : Визуалды өнер		Мектеп:	
Күні:16.10.2026		мұғалім:Баймаханова А.О	
Класс: 6 А		Сабаққа қатысқандар саны	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы :	**Көркем идеяларды жүзеге асыру. Дыбыстау**		
Осы сабақта қолжеткізілетін оқыту мақсаттары (оқужоспарына сілтеме)	Шығармашылық идеялардың көркемдік өрнегі 6.2.1.1 - Өздерінің идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және көркем өнер құралдарын анықтау, таңдау және пайдалану. Жұмысты бейімдеу және жетілдіру 6.3.4.1 - Сындарлы пікірлерді қабылдап, бейімделу, өзінің және өзге оқушылардың жетілдіру жөнінде ақпараттандырылған ұсыныстар жасау.		
Сабақ мақсаты	● Театрдағы дыбыстау өнерімен таныстыру. ● Сыныққа шығармашылық жұмысты таныстыру. ● Дизайнды жетілдіруге түсініктеме беріңіз.		
Тілдік мақсаты	Диалог/жазу үшін пайдалы сөз тіркестері. ● Дыбыстау, көрсетілім. ● Театр кейіпкерлерін қалай дыбыстауға болады? ● Мен кейіпкерлерді дыбыстау барысында....мынаған көңіл бөлдім.		
Құндылықтарға баулу	Балалардың топтарда, жұптарда жұмыс істеу қабілетін көтеру. Студенттерді өздерінің және басқа да шығармаларынақаты-стыпікірінтыңдауғажәнебасқаадамдардыңпікір-лерінедұрысжауапберуге үйрету. Өнертуындыларыарқылысұлулықтықабылдаудыдамыту. Студенттердің тәуелсіздігін, табандылығын, қиялын, қызығушылығындамыту.		
Пәнаралықбайланыс	Теориялықбілімдіөнерпәні, физика пәнінен қолдану		
АКТ дағдыларын қолдану	Ақпараттыіздестіру, іріктеу, салыстыружәнефактілер мен құбылыстарарасындағыбайланысорнатубойыншастуденттерді өзіндікжұмысдағдыларындамыту.		
Алдын ала білімі	Сабақ «Портрет» тақырыбындаалғанбілімдері мен дағды-ларынанегізделген. Студенттерадамныңпішінітуралыбілімінкамераменсуреткетүсіру және эксперимент жүргізу әдістерінеқолданумүмкіндігінеиеболады.		
ЖИ құралдары	ЖИ көмегімен шығармашылық өнім (мәтін, жоба, презентация, код, диаграмма) жасайды;		

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин.	**Ұйымдастыру кезеңі:** **(Ұ) “Гүлмен тілек” әдісі** арқылы оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру. Топ ережесін еске түсіру. Топтастыру.	Оқушыларды топтарға біріктіруді ұйымдастыру: Фигуралар көмегімен оқушыларды 3 топқа біріктіру. I – Үшбұрыштар тобы II – Дөңгелектер тобы III – Төртбұрыштар тобы	**Мақсаты:** оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру. **Тиімділігі:** оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.	Фигуралар салынған конверт 
Жаңа сабаққа кіріспе 	**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Оқушыларға жалпылама төмендегі сұрақтар және жаттығу	театрландырылған көрсетілімнің фрагментін көрсету. Кейіпкері мен дауысының сипатына назар аударыңыз. Көрермендер жақсы кейіпкерлерді жаманкейіпкерлерден қалай ажыратады?	**Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. **Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады.	**Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп,** талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау

	түрлері беріледі. Әр оқушы өз оймен бөліседі. Өзгенің пікірін толықтырады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.*	- Әңгімелеуші дауыс интонациясын қалай өзгертеді? - Жарықтандыру шы сюжеттің көрнекті етіп қалай көрсетеді?	Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. **Сарал ау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	сөзімен ынталандыру.
Сабақтың ортасы 33 мин	*шығармашылық жұмыстарды жасау* (Г) (Ф)«Сюжет»	*Дизайнды жетілдіруге түсініктеме беріңіз.* (И) (П) (Ф) (Д).Предложите учащимся дать комментарии и	Оқушылар сабаққа қатысу белсенділігіне қарай қалыптастырушы бағалау	Тапсырма орындауға қажетті құралдар.

	Берілген критерийлер бойынша оқушылар театрландырылған көрініс таныстырады. ● Нақты эскиздерге сәйкес кейіпкерлердің ұқсастығын көрсетеді. ● Декорациядақ ызықты дизайн шешімін көрсетеді ● қуыршақтард ымұқияторын дау ● сюжеттің мағынасын көрсетеді мұғалімнің басшылығымен тәжірибе жүргізу **Шығармашы лық жұмысты жоспарлаудың кезеңдерін анықта.** Тақырып аясында кішігірім зерттеу жұмысын жүргізу; Сценарий құрастыру; Кейіпкерлерді жасау; Декорацияларды құрастыру; Дыбыстау/музыкалық шығарма дайындау;	выделить сильные стороны в своей работе и работе своих одноклассников. Оқушылар өзініңжәне сыныптастарының жұмысындағы күшті тұстарына түсініктеме беруін сұраңыз. - Сіздің жұмысыңызда қандай тұстары маңызды болды? - - Сіз қандай жағдайларда осы тақырыпқа байланысты білімді қолданасыз? - - Сіздің жұмысыңызда және сыныптастарың ыздың жұмысында қандай мықты тұстары бар? - - Сіздің жұмысыңыздың әлсіз тұстары қандай? - - Сіздің жоспарыңызды толығымен ашуға бола ма? - - Сіздің өз жұмысыңызда және сыныптастарың ыз жұмысында не өзгертер едің,?	жүйесі бойынша бағаланады. Мысалы: Жарайсың!, Жақсы!, Тамаша!	

	Қойылым. **Сценарий құрастыр. Скетчбукке жаз.** • Ол әдеби шығарманың желісі бойынша құрастырылуы мүмкін. • Ойдан шығарылған оқиға болуы мүмкін. • Ертегі бойынша құрастырылуы мүмкін. **Бір – бірлеріңнің ойларыңды толықтырыңдар.** Оқиғаның идеясы. Оқиғаның мазмұны түсінікті ме? Не қосар едің? Уақытылы көмек алу үшін кері байланыс алу	? Оқытушының басшылығымен тәжірибе. Уақытылы көмек алу үшін кері байланыс алу. Жұмысты аяқтағаннан кейін оқушылар өз жұмысын және сыныптастарының жұмысын бағалауды сұраңыз		
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 5 мин. 	**«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. ***Мақсаты:*** Оқушы алған	**Жеке жұмыс:** - бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ...көзімді жеткіздім. - бүгін сабақта қуантқаны..... - мен өзімді.....үшін мақтар едім. - маған ерекше ұнағаны..... - сабақтан соң маған.....келді	Мұғалім оқушыларды **«Бас бармақ»** әдісі арқылы бағалайды. Жарайсың! Жақсы! Талпын!	

	білімін саралай білуге дағдыланады. ***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. ***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.	- бүгін маған.....сәті түсті. - қызықты болғаны..... - .....қиындық тудырды. - менің түсінгенім..... - енді мен.....аламын.		